

Аудандық маңызы бар Құлсары қаласының көшелеріне атау беру туралы

Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 8 желтоқсандағы № 492 қаулысы және Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2025 жылғы 17 желтоқсандағы № 39-2 бірлескен шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12 бабының 5-1) тармақшасына сәйкес, қала тұрғындарының пікірін ескере отырып және республикалық ономастика комиссиясының 2025 жылғы 7 қарашадағы қорытындысы негізінде, Жылыой ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Жылыой аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Аудандық маңызы бар Құлсары қаласының көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- 1) № 30 көшеге – Қызылқұл Бектембаев көшесі;
- 2) № 48 көшеге – Мырзағали Шоқпаров көшесі;
- 3) № 49 көшеге – Жұмаддин Әлдекенұлы көшесі;
- 4) № 262 көшеге – Қабас Сатаев көшесі.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жылыой ауданы әкімінің
міндетін атқарушы*

*Жылыой аудандық
мәслихат төрағасы*

Қ. Мыңбаев

Г. Айшуақова